

## Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес уқалау креслоларын жіктеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 18 маусымдағы № 70 шешімі

Еуразиялық экономикалық одағының Кеден кодексінің 22-бабының 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасы **пешті**:

1. Әр түрлі базалық формасы бар, (мысалы, төрт формада- немесе бес сәулелі айқастырма, табаны немесе дискі), орындықпен, арқамен, жылыту жүйесімен немесе онсыз, қолтықтары бар немесе онсыз, табанмен немесе онсыз, бас тіреуішпен немесе онсыз, дөңгелектермен немесе онсыз, орындықтың биіктігін реттеу механизмімен (газ-лифтпен), орындықтың арқасын еңкейту құлпымен, баптау тұтқасымен жабдықталған креслолардың тербелісі, креслолардың айналмалы механизмі, сондай-ақ орындыққа және (немесе) креслолардың артына дененің жекелеген бөліктерін уқалауға арналған және қашықтан басқару пульті арқылы басқарылатын механизмдері бар кеңсе (компьютерлік) уқалау креслосы сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің негізгі қағидаларына 1, 3 (б) және Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 94-тобына 2-ескертпеге сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 9401 тауар позициясында жіктеледі.

2. Жұмсақ орындық түріндегі уқалау құрылғысы, арқалық, аяқ тіректері, бас тірегі бар немесе онсыз, тартылатын аяқ тіректері бар немесе онсыз, шот қабылдағышпен жабдықталған немесе онсыз, жылыту жүйесімен немесе онсыз, кіріктірілген және механизмі бар жақтаудан және (мысалы, роликті механизм) пульт көмегімен басқарылатын, денені мойыннан аяққа дейін массаж жасауға арналған массаждың қарқындылығын, уақытын, жылдамдығын, тереңдігін және аймағын басқаруға мүмкіндік беретін, мысалы, шиацу, илеу, сипау, түрту, сипау, діріл, қысу техникаларынан тұратын уқалау креслосы сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын түсіндірудің 1, 3 (б) және 6 негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің 10 бірыңғай тауар номенклатурасының 9019 субпозициясында жіктеледі.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК